## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Дүниетану |
| **Мұғалім** | Тастанбекова Ақмарал |
| **Мектеп, сынып** | Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Аққұм ауылы, С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп, 4-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Жердің ғарыштан көрінісі. Күн. Жер |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты** | Жердің ғарыштан көрінісі туралы білу. Күн, жер туралы білімдерін толықтыру. |
| **Сабақ мақсаттары** | ***Барлық оқушылар:*** жердің ғарыштан көрінісін көріп, танысады. |
| | ***Оқушылардың басты бөлігі:*** күн мен жер құрылымы туралы сипаттама береді. |
| | ***Кейбір оқушылар:*** тақырып аясында ізденеді, маңызын атайды. |
| **Тілдік мақсат** | ***Оқушылар:*** сөйлемдерді толықтырады, талқылау жүргізеді, дұрыс жауабын айтады. |
| | ***Негізгі сөздер мен тіркестер:*** ғарыш, күн қуаты, күн жүйесі, Жер. |
| | ***Сыныптағы диалогтік стиль түрі:*** зерттеушілік әңгіме. |
| | ***Талқылауға арналған тармақтар:*** күн қуаты қалай, неге пайдаланылады? күннің тіршілік үшін маңызы неліктен зор? |
| | Сіз неліктен біз ғарышты зерттеуіміз қажет деп ойлайсыз? |
| | Жазылым бойынша ұсыныстар: сөзжұмбақты шеш, сөйлемді толықтыр. |
| **Алдыңғы тақырып** | Ғарышқа жол ашу. |

**Сабақ барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығулар | Ресурста |
|---|---|---|

| | | р |
|---|---|---|
| **1. Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>2 минут<br><br>Мақсаты: сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасын жақсарту, топқа біріктіру. | **І. Топқа біріктіру**<br>(Тақтада күн жүйесі, ғарыш суреті ілінген. Оқушылар суреттерді таңдап алып, топқа бірігеді):<br>**1. *Күн жүйесі тобы:*** (Нептун,Уран, Сатурн, Марс, Жер, Меркурий, Шолпан, Юпитер)<br>Топ ұраны: Күндей жарқырап тұрамыз !<br>**2. *Ғарыш тобы:*** (Лайка, Белка, Стрелка, Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев, А.Айымбетов, Байқоңыр).<br>Топ ұраны: Біліммен ғарышты бағындырамыз!<br><br>ІІ. Оқушылар «Шаттық шеңберін» құрып, бір-біріне алған суретіне қарай тілек айтады. | Планеталар, ғарышкерлер суреттері. |
| **2. Үй тапсырмасын сұрау**<br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу кезеңі**<br><br>17 минут<br><br>Мақсаты: оқушылармен бірлесе отырып сабақ тақырыбының маңыздылығын | Топтық жұмыс: Сөзжұмбақты шеш<br>1-топ: КҮН<br>2-топ: ЖЕР<br>Сөзжұмбақтан күн, жер сөздері шешіледі.<br>Біз Күн, Жер туралы не білеміз ? Өз жауабымызды флипчартқа жазып, қорғайық.<br>*1.БІЛЕМІН !*<br>Білемін кезеңінде оқушылар күн, жер туралы білетіндерін флипчартқа жазып, қорғайды<br><br>2.БІЛГІМ КЕЛЕДІ!!<br>1. Жер айналса біз неге құламаймыз ?<br>2. Күн қыста неге қысқа болады ?<br><br>IMEKTEP.KZ ресурстары<br>Күн. http://imektep.kz/kun<br>Жер. http://imektep.kz/zher<br><br>Оқушылар видеофильм көріп жаңа сабақпен танысады.<br>*Жұптық жұмыс. «БІЛІМ ДӘЛІЗІ» кезеңі* | Флипчарт, маркер<br><br><br><br>Флипчарт, маркер<br><br><br><br><br><br><br><br>Видеофильм |

| | | |
|---|---|---|
| талқылау.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**4. Сергіту сәті**<br><br>3 минут<br><br>Мақсаты: оқушылардың көру қабілетін жақсарту, көзге арналған жаттығу жасау арқылы шаршағандарын басу.<br><br><br><br><br><br><br>**5. Қорытынды бөлімі**<br><br>8 минут<br><br>Мақсаты: тақырыпты меңгеру деңгейін байқау. | Оқушылар мәтінді оқып,мазмұнын бір-біріне оқып,түсінгенін айтып береді.<br><br>*3.«СӨЙЛЕМДІ ТОЛЫҚТЫР» ойыны.*<br>Көп нүктенің орнына сөздер жазып, сөйлемдерді толықтырады. Жауапты мәтіннен тауып жазады.<br>*Формативті бағалау:* «Бас бармақ», «Анықтама» әдістері<br>*Жетістікке жетелеу*<br><br>Профессор В.Ф.Базарныйдың қағаз офтальмотренажері арқылы көзге арналған жаттығулар жасау<br><br><br>3. BILIMLEND.KZ (жаратылыстану)<br>1. Күн<br><br><br><br><br><br><br><br>http://bilimland.kz/kk/#lesson=13810<br><br>BILIMLEND.KZ (дүниетану)<br>1. Күн және басқа денелер http://bilimland.kz/kk/#lesson=14780<br>2. Күн жарығын пайдалану http://bilimland.kz/kk/#lesson=14775<br><br>*5.Жеке жұмыс. «ДҰРЫС- БҰРЫС сұрақтар» ойыны (уақыт белгіленеді)*<br>1.Адамдар ерте кезден-ақ Күн қуатын пайдалану жолдарын іздей бастаған<br>2.Күн қызуын электр қуатын өндіруге, үй жылытуға, астық және түрлі жемістерді кептіруге, түрлі ауруларды емдеуге пайдалана бастады | Дүниетану оқулығы К.Жүнісқызы, И.Нұғыманов, Ә.Бірмағамбетов, Н.Жапанбаева.<br><br>Слайд<br>Жұмыс дәптері<br>Смайлик<br><br><br>Қағаз офтальмотренажер<br><br><br><br>Видеофильм<br><br><br><br><br><br>Слайд<br>Сағат<br>Смайлик |

| | | |
|---|---|---|
| **6. «Біздің келешегіміз»**<br>7 минут<br><br>Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін келешекте пайдалану жолдарын талқылатып, қорғату. | 3. Күн батареялары көлік жүргізуде қолданылуда<br>4. Күн қуатымен жұмыс істейтін электр стансалары жоқ<br>5. Күн күн жүйесіндегі орталық жұлдыз<br>6. Күннің сәулесі, жылуы болмаса Жер бетін қара түнек басады<br>7.Жерді ғарыштан бірінші болып көрген Т.Әубәкіров<br>8.Күн сәулелері Жерге таралып түспейді<br><br>6. БІЛДІМ !!!<br>*Топтық жұмыс.*<br>Оқушылар берілген суреттерді, сөздерді пайдалану арқылы постер құрап, қорғайды (күн, жер, ядро, мантия, «таза» көлік түрлері,балама энергия көзі, жерді қорғау, күн батареясы т.б) | Слайд<br>Флипчарт<br>Суреттер, сөздер.<br>Смайликтер. |
| **7. Рефлексия**<br><br>**«Күншуақ» әдісі**<br><br>1 минут<br><br>Мақсаты: кері байланыс жасау. | *Күлімдеген күн* суретінің айналасына тақырыпты жақсы түсінген.<br>*Ойланып тұрған күн* суретіне жартылай түсінген.<br>*Көңілсіз күн* суретіне түсінбеген оқушылар топтасуда алған суретіне есімін жазып, жапсырады. | Күлімдеген, ойланып тұрған, көңілсіз күн суреттері. |
| **8. Бағалау**<br>1 минут | Суммативті бағалау. Смайликтерді санап, бағалау | Смайликтер. |
| **9. Үй тапсырмасы**<br><br>1 минут | Мазмұнын түсініп оқу.<br>«Мен ғарышты, жерді, күнді қалай қорғаймын?» тақырыбына сурет салып келу.<br>Интернеттен ата-анамен бірлесіп, тақырыпқа байланысты мәлімет қарау. | Күнделік. |